

Бекітемін:

«Ж.Қизатов атындағы жоғары
ауыл шаруашылығы
колледжі» КМҚК

директоры

Б.Ж.Бұғасов

«03 » маусым 2025 ж.



2025-2026 оқу жылына

«Ж.Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК оқуға қабылдау ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. «Жалел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК-ға оқуға қабылдау ережелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес, сондай-ақ 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 11) тармақшасына және 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға колледжге Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады, оларда негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастапқы кәсіби және орта кәсіби), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіби) білімі болуы тиіс.

3. Оқуға қабылдау кезінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде 2023 жылғы 15 тамыздағы №261 бұйрықпен бекітілген квота мөлшерлері көзделген:

1) I және II топ мүгедектері, бала кезінен мүгедек жандар, мүгедек балалар – 10%;

2) Басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлер және Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер – 0,5%;

3) Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін ауыл жастары – 35%;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері – 4%;

5) Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Қазақстан Республикасының жастары – 1%;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударушы ауыл жастары – 5%;

7) Отбасында төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленіп жатқан балалар – 5%;

8) Үш жылдан кем емес уақыт бойы толық емес отбасы мәртебесі бар балалар – 1%;

9) Бала кезінен мүгедек баланы, I немесе II топтағы мүгедекті тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар – 5%;

10) Шақырту бойынша белгіленген мерзімді әскери қызметін өтеген Қазақстан Республикасы азаматтары – 1%.

2. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу

«Жалел Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК техникалық және кәсіптік білім беру бойынша мамандарды даярлауға арналған кәсіптер мен біліктіліктердің тізбесіне сәйкес, ауылдың (селолық жердің) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыру үшін күндізгі оқу нысаны бойынша 9, ал сырттай оқу нысаны бойынша 3 мамандық бойынша қабылдау жүргізеді. Қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы №130 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына (1-қосымша) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Азаматтардың оқу орнына қабылдау туралы өтініштерін қабылдауды ұйымдастыру, қабылдау емтихандарын өткізу және студенттер қатарына қабылдау мақсатында қабылдау комиссиясы құрылады, ол өз жұмысын 2025 жылғы 1 маусымнан бастап бастайды.

5. Азаматтарды оқуға қабылдау бойынша қабылдау комиссиясының өңірлерге шығу арқылы жұмысын ұйымдастыру уәкілетті органмен келісу арқылы шешіледі.

6. Қабылдау ережелері туралы ақпарат, сондай-ақ өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру бойынша қабылдау комиссиясының шешімі, қабылдау емтихандарының өткізілу кестесі, оқуға қабылдау нәтижелері талапкерлерге уақтылы жеткізілуі тиіс.

7. ТЖКББ ұйымдарына оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады: білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша – күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында. Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде негізгі орта білім

базасында күндізгі оқу нысанына – 25 маусым мен 18 тамыз аралығында; жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күндізгі оқу нысанына – 25 маусым мен 20 тамыз аралығында. Сырттай оқу нысанына – 25 маусым мен 20 қыркүйек аралығында.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап талапкерлер мен қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың тізімін, орташа конкурс балын көрсете отырып, ТЖКББ ұйымының интернет-ресурсында жариялайды және оны күн сайын жаңартуды қамтамасыз етеді.

8. Өтінішке қоса мына құжаттар тапсырылады:

- 1) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы,
- 2) 3x4 көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/ бұйрығымен бекітілген № 075-У нысанындағы медициналық анықтама, I және II топтағы мүгедектер мен бала кезінен мүгедектер үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 031-У нысаны бойынша Медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы;

4) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін)
Оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 2) азаматтығы жоқ адам-азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 3) босқын-босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға-пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар ТЖКББ ұйымының қабылдау комиссиясына **күнтізбелік жылдың 25 тамызына** дейін ұсынылады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі – Портал) жүгінеді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметі стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

Портал арқылы келесі құжаттар топтамасы ұсынылады:

- 1) қызмет алушының нақты тұрғылықты мекенжайын көрсете отырып, ата-анасының бірінің (немесе өзге де заңды өкілінің) электрондық цифрлық

қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

- 2) білім туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе электрондық нұсқасы;
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 075-У нысанындағы медициналық анықтаманың электрондық көшірмелері (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 тіркелген); I және II топ мүгедектері мен бала кезінен мүгедек жандар үшін — сол бұйрықпен бекітілген 031-У нысанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысының электрондық көшірмесі;
- 4) 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосурет. Қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжатқа қатысты мәліметтерді қызмет көрсетуші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Портал арқылы жүтінген кезде қызмет алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұраныстың қабылданғаны туралы ЭЦҚ арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанындағы хабарлама-есеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) ұсынылған құжаттардың тізбесі;
- 2) құжаттарды қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ оның байланыс деректері.

Конкурсқа қатысуға өтініш берген кезде үміткерлер төрт мамандықты және/немесе біліктілікті (ТЖКБ-мен төрт мамандыққа дейін және/немесе бір оқыту бағытының біліктілігін таңдайтын педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсушілерді қоспағанда) таңдайды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктілік классификаторына сәйкес кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру жөніндегі комиссия бекітетін төртке дейінгі ТЖКБ ұйымдары ТЖКБ, оқыту тілі (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейі.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы аумақтағы көрсетілетін қызметті алушылар шектеу іс-шараларының алынуына, тоқтатылуына қарай осы тармақтың бірінші абзацының 4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында санамаланған құжаттарды білім беру ұйымдарына тікелей ұсынады.

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер ТЖКОББ ұйымының тіркеу журналдарына тіркеледі.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, **сондай-ақ кәсіпорындармен (ұйымдармен, мекемелермен) екіжақты шарт негізінде техникалық және кәсіптік (жұмыс біліктілігі),** орта білімнен кейінгі,

жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсетін арнайы бағдарламалар бойынша кадрларды нысаналы даярлау үшін оқуға түсетін адамдармен мамандық бейініне сәйкес келетін білімі туралы әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Кадрларды мақсатты даярлауға үміткерлерді іріктеуді кәсіпорын (ұйым, мекеме) дербес немесе кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер) өкілдерінің қатысуымен ТЖКОББ ұйымының қабылдау комиссиясы өткізген әңгімелесудің қорытындылары бойынша жүргізеді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға түсетін тұлғалар (білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТЖКОББ ұйымдарын қоспағанда) күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап Білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы ерікті негізде кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өтеді.

9. Оқуға түсу емтихандары жүргізілмейді. Студенттер қатарына қабылдау білім туралы құжаттың орташа конкурстық балының негізінде жүргізіледі. Конкурс педагогикалық, медициналық мамандықтарға, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін білім туралы құжатқа сәйкес талапкерлерді міндетті және бейінді пәндерді бағалаудың орта конкурстық балы бойынша, орта балы бойынша автоматты түрде бөлу жолымен білім басқармасының ақпараттық жүйесі (Мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жататын ТЖКБ ұйымдарын қоспағанда) білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндердің бағалары (баллдары) мен ТЖКОББ ұйымы өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша, сондай-ақ қабылдау квотасын ескере отырып алынған бағалар (баллдар) өткізіледі.

Мамандық бейіні бойынша пән техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес айқындалады.

Орташа балл қалыптастырады:

- негізгі орта білімі (9 сынып) бар талапкерлер үшін – үш пән бойынша бағалардан/баллдан: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән.

- жалпы орта білімі бар талапкерлер үшін ТЖКБ – төрт пән бойынша бағалаудан: міндетті пәндер/пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән/пәндер.

- мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар талапкерлер үшін – төрт пән бойынша бағалаудан: міндетті пән/пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы), сәйкес екі пән/пәндер, мамандық бейініне және/немесе шығармашылық және/немесе арнайы емтиханға бағалардың болуы (педагогикалық мамандықтар және шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша).

Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған кезде міндетті және бейінді пәндердің тізбесін ТЖКБ ұйымдарының қабылдау комиссиялары ақпараттық жүйе арқылы белгілейді.

Негізгі орта білім базасында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түсетін талапкерлер үшін конкурс күнтізбелік жылдың 19–22 тамызы аралығында, ақылы негізде — 26–28 тамыз аралығында өткізіледі. жалпы орта білім, ТЖКББ базасында оқуға түсетіндер үшін — 22–25 тамыз аралығында, ақылы негізде — 26–28 тамыз аралығында, мәдениет және өнер мамандықтарына түсушілер үшін конкурс күнтізбелік жылдың 29 шілде мен 2 тамыз аралығында өткізіледі.

Орташа конкурстық балл тең болған жағдайда, білім туралы құжаттағы орташа балл және № 264 Қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

Бір мамандық бойынша бір ТЖКББ ұйымына 15-тен аз талапкер өтініш білдірген жағдайда, ақпараттық жүйе мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға конкурс өткізілгенге дейін үш жұмыс күні ішінде талапкердің келісімімен оны басқа мамандық пен ТЖКББ ұйымына қайта бөледі.

10. Оқуға қабылданған талапкерлердің орташа конкурстық балы туралы ақпарат күн сайын колледждің сайтында жаңартылып отырады.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

11. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ТЖКБ ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:

1) оқудың күндізгі нысанына – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;
2) оқудың кешкі және сырттай нысанына – күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін;

3) күнтізбелік жылдың 10 тамызы аралығында мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жататын ТЖКБ ұйымдарында;

4) кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша кадрларды нысаналы даярлауға күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына – әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;

2) Кешкі оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін, негізгі орта немесе жалпы орта білім туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағаларды және әңгімелесу нәтижелерін ескере отырып іріктеу негізінде жүзеге асырылады.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарының сақталуына кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті әрі техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Конкурс білім туралы құжаттағы орташа конкурстық балл негізінде өткізіледі.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлау үшін білім беру ұйымына қабылданушылар саны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген орындар санынан асып кеткен жағдайда, қабылдау білім туралы құжатта көрсетілген міндетті және бейіндік пәндер бойынша бағалардың жиынтық балы негізінде жүзеге асырылады.

14. Техникалық және кәсіптік біліммен мемлекеттік тапсырыс бойынша кадрларды даярлауға оқушылар құрамына қабылдау сайысының өткізілу барысында үстемділігі бар тұлғалар:

- 1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалар,
- 2) халықаралық және жалпы білімдік пәндер бойынша олимпиадалар жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломмен марапатталғандар) соңғы үш жыл, тізбесі білім аясындағы уәкілетті органдармен анықталады, сонымен қатар, республикалық олимпиадалар мен жалпы білімдік пәндер бойынша ғылыми жарыстардың жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломмен марапатталғандар) ағымдағы жылдың олимпиада пәні бойынша сайыстың немесе спорттық жарыстың таңдаған мамандығына сай келгенде ғана.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға конкурс өткізу кезінде көрсеткіштері бірдей болған жағдайда басым құқыққа ие болады (растайтын құжаттар болған кезде):

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 1 және II-топтағы мүгедектер,
- соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушыларға,
- бала кезінен мүгедектер
- медициналы-әлеуметтік сараптау қорытындысына сәйкес білім ұйымдарында оқуға қарсылық көрсетілмеген мүгедек балалар,
- оқу орнын үздік құжатпен бітірген тұлғалар, (куәліктер, аттестаттар, дипломдар)

15. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стенділерге немесе ТЖКБ ұйымдарының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы жеткізеді.

«Ж.Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК білім саласындағы атқарушы органдарға келісілген нысандар мен мерзім ішінде шұғыл статистикалық есепті тапсыруды, ал, тіркеуден кейін 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастырумен жүргізу бойынша қорытынды есепті жазбаша түрде тапсыруға міндеттеледі.

1 Қосымша

«Ж.Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК
2025-2026 оқу жылының мамандықтар тізбесі
(бюджеттік негізде)

Коды	Мамандық атауы	Біліктілігі	Оқыту базасы	Оқыту мерзімі
07210100	«Сүт және сүт өнімдерін өндіру»	4S72210100 «Техник-технолог»	Негізгі орта	3 жыл 10 ай
8410100	«Ветеринария»	4S08410104 «Ветеринарлық техник»	Негізгі орта	3 жыл 10 ай
08410100	«Ветеринария»	4S08410104 «Ветеринарлық техник»	Негізгі орта	2 жыл 10 ай
07161600	«Ауыл шаруашылығын механикаландыру»	4S07161604 «Техник - механик»	Негізгі орта	3 жыл 10 ай
4110100	«Есеп және аудит»	3W04110101 «Бухгалтер-кассир»	Жалпы орта	10 ай
08110100	«Агрономия»	3W08110103 «Агроном»	Негізгі орта	3 жыл 10 ай
08110100	«Агрономия»	5AB08110101 «Агрономия бойынша қолданбалы бакалавр».	ТЖКББ	10 ай
10130300	«Тамақтандыруды ұйымдастыру»	3W10130302 «Кондитер-безендіруші»	Негізгі орта	2 жыл 10 ай
08210100	«Орман шаруашылығы»	3W08210102 «Орманшы»	Негізгі орта	2 жыл 10 ай

«Ж.Қизатов атындағы жоғары ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК
2024-2025 оқу жылының мамандықтар тізбесі
(сырттай бөлім)

Коды	Мамандық атауы	Біліктілігі	Оқыту базасы	Оқыту мерзімі
08110100	«Агрономия»	4S08110103 «Агроном»	Жалпы орта	2 жыл 10 ай
08210100	«Орман шаруашылығы»	4S08210103 «Орман шебері»	Жалпы орта	2 жыл 10 ай
08410100	«Ветеринария»	4S0841014 «Ветеринарлық техник»	Жалпы орта	2 жыл 10 ай

Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру
пәндерінің тізбесі

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Біліктілік.	Бейіндік пән атауы:			
			Негізгі орта білім (жалпы негізгі)		Орта білім (жалпы орта)	
081 Ауыл шаруашылығы						
08110100	Агрономия	3W08110103 «Агроном»	Биология	Химия	Биология	Химия
08110100	Агрономия	5AB08110101 «Агрономия бойынша қолданбалы бакалавр».	Әңгімелесу өткізу			
082 Орман шаруашылығы						
08210100	Орман шаруашылығы	3W08210102 «Орманшы»	Химия	Биология	Химия	Биология
084 Ветеринария						
08410100	Ветеринария	4S08410104 «Ветеринарлық техник»	Биология	Химия	Биология	Химия
072 Өндірістік және өңдеу салалары						
07210100	Сүт және сүт өнімдерін өндіру	4S72210100 «Техник-технолог»	Химия	Биология		
071 Инженерия және инженерлік іс						
07161600	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	4S07161604 «Техник - механик»	Алгебра	Физика		
041 Бизнес және басқару						
04110100	Есеп және аудит	3W04110101 «Бухгалтер-кассир»			Алгебра және анализ бастамалары	Информатика
101 Қызмет көрсету саласы						
10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	3W10130302 «Кондитер-безендіруші»	Алгебра	Биология		